

Жер салығының мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 3-25 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 сәуірде № 4694 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыпқа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 19.05.2022 № 3-18 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 510-бабының 1-тармағына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 27.03.2020 № 6-52 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2022 № 3-18 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінен басқа, Салық кодексінің 505, 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 05.04.2021 № 2-5 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 19.05.2022 № 3-18 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Уәлиханов аудандық мәслихатының кейбір шешімдері осы шешімнің қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI шақырылған
XXV сессия төрағасы,
Уәлиханов аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Кәдіров

Уәлиханов аудандық мәслихатының

Уәлиханов аудандық мәслихатының күшін жойған кейбір шешімдердің тізбесі

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 21 мамырда № 13-13-104 тіркелген, 2009 жылғы 1 маусымдағы № 22 "Шұғыла" және "Ел тынысы" газетінде жарияланды).

2. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 қазандағы № 4-16 с "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 12 қарашада № 13-13-112 тіркелген).

3. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 11-31 с "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 15 мамырда № 3251 тіркелген, 2015 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 2 шілдедегі № 6-33 с "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 4 тамызда № 3336 тіркелген, 2015 жылғы 11 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы № 7-5 с "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 29 тамызда № 3882 тіркелген, 2016 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).